

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

2024 жыл «04» маусым

Кеңестің толық атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 12 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің **Қамқоршылық кеңесі**

Кеңестің орналасқан жері: Шахан кенті, 14-орам бАқұрылыс

Отырыстың өткізілетін жері: ҚО ББ Шахтинсек қаласы ББ «№12 жалпы білім беретін мектебі» ММ

**Қамқоршылық кеңесіне
қатысқандар(ҚК мүшелері): 13
Қатыспағаны: 1**

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектеп қызметін талдау. 2024-2028 жылдарға арналған мектептің даму жоспары туралы.
2. Оқушылардың жазғы демалысын қауіпсіз әрі тиімді ұйымдастыру және мектеп жанындағы жазғы лагерь жұмысы мен қала сыртындағы сауықтыру лагерьлеріне аз қамтылған санатындағы отбасы балаларын жіберу туралы.
3. Жазғы мектеп жұмысы және 5-8, 10 сыныптардың көшіру емтихандары туралы.
4. Міндетті мектеп формасы жайлы.

ТЫНДАЛДЫ:

Мектеп қызметін талдау. 2024-2028 жылдарға арналған мектептің даму жоспары туралы

СӨЙЛЕДІ:

Бірінші сұрақ бойынша Рамазанова Эльвира Нуркеновна – мектеп директоры.

2023-2024 оқу жылы бойынша оқу-тәрбие жұмысы, инклюзивті білім беру, әлеуметтік паспорт, мектептің материалдық-техникалық базасы көрсетілген мектеп қызметін талдаумен сөз сөйледі. Биыл мектептің спорт залына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, толықтай жаңартылды. Спорт залдың ішіне және сыртына толықтай сылақ жүргізіп, бояп, төбесін жауып толығымен аяқтап, 3 тоқсанның басында қолданысқа берілді. Сонымен қатар, оқушылардың жазғы демалысы кезінде асханаға қажетті құрал-жабдықтар толығымен жағартылады және қабырғалар сырланып, есіктер, едендер ауыстырылады. Мектеп асханасының ас блогына кешенді жөндеу жұмысы маусым айында басталады. Аталмыш жөндеу жұмысы жаңа оқу жылына дайындаудың аясында жүргізілуде және балалардың қауіпсіз білім алуына жағдай жасауға бағыттталып отырғанын баса айтты.

Сондай-ақ, мақсатты индикаторлар мен күтілетін нәтижелері көрсетілген мектептің 5 оқу жылына (2024-2028жж) арналған даму жоспарын ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері барлық мәселелерді талқылап, ашық дауыс беру арқылы мектептің 5 оқу жылына (2024-2028жж) арналған даму жоспарын қабылдады.

ШЕШІМ: Мектептің қызметін талдау «жақсы» деп саналды және де жаңа спорт залдың жөндеу сапасын «өте жақсы» деп бағалады. Мектептің 5 оқу жылына арналған даму жоспары қабылданды (2024-2028жж).

ТЫНДАЛДЫ:

2. Оқушылардың жазғы демалысын қауіпсіз әрі тиімді ұйымдастыру және мектеп жанындағы жазғы лагерь жұмысы мен қала сыртындағы сауықтыру лагерьлеріне аз қамтылған санатындағы отбасы балаларын жіберу туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Екінші сұрақ бойынша директордың ТЖ орынбасары А.Рахметжан балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру барысында жүргізілетін жұмыс барысымен таныстырды. Балалардың қауіпсіз әрі көңілді демалысын ұйымдастыру мақсатында жұмыс жоспар жасалып, мектеп жанындағы жазғы лагерь жұмысын бастайды. Балалар мен жасөспірімдердің қадағалаусыз, бақылаусыз қалуына жол бермеу ата-аналардың ғана емес, мектеп мұғалімдерінің де жауапкершілігінде екендігін ескертті. Педагогтер балалармен көше, жол және судан да қауіп бар екенін ескере отырып, қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын жетілдіру, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау, балалардың жол-көлік оқиғаларында жаракат алуының алдын алу, сондай-ақ оқыс оқиғалар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету жұмыстарына ерекше көңіл бөлуде. Бұл каникул балалардың есінде жат әдеттерден ада, адамгершілік пен руханиятқа ерекше көңіл бөлетін кезең ретінде қалуға тиіс.

Жазғы мектепте оқыту сабақтарынан басқа, дене шынықтыру, қозғалыс ойындары, флешмобтар өтіп, мектеп жанындағы лагерьге 1-8 сынып оқушылары барады. Ал 7-13 жас аралығындағы оқушылардың қатысу мерзімі: маусым айы мен 27 тамыз аралығы. Осы орайда мектептік және мектептен тыс үйірмелер, атап айтқанда спорт секциялары, клубтар, студиялар, мектеп кітапханаларындағы оқу үйірмелер жұмыс істейді. Балалар қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагерьлерге бюджет қаражаты, сондай-ақ коммерциялық негізде барып демалу мүмкіндігі қарастырылған. Сауықтыру демалысына, ең алдымен, халықтың әлеуметтік осал санатындағы балалар қамтылады.

Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары ерекшелігі бойынша - 428 000.00 (төрт жүз жиырма сегіз мың тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2024 жылы қаражаттар есебінен қаржыландырылады. Аз қамтылған отбасылардың балалары үшін балалар Сауықтыру лагерьіне жазғы демалыс жолдамаларын сатып алу "Санаторий "Березняки"

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен келісім шарт жасасып, аталмыш санатқа жататын отбасынан 4 бала жіберілетін болды.

Сонымен қатар, биыл мектеп асханасына кешенді күрделі жөндеу жұмысы жүргізілетіндіктен мектеп жанындағы жазғы лагерь 3-маусымда ғана жұмыс жасайтыны айтылды.

ШЕШІМ:

Мектеп жанындағы жазғы лагерь тамыз айында 3-маусым бойынша жұмыс жасайтындығы ескертілді және қала сыртындағы сауықтыру лагерлеріне жіберілетін балалардың тізімі жасалып, құжаттар жинақталсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

3. Жазғы мектеп жұмысы және 5-8, 10 сыныптардың көшіру емтихандары туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Үшінші сұрақ бойынша директордың ОТЖ орынбасары – Ж.Солтанғали. Биылғы оқу жылының басқа оқу жылдарынан ерекшелігі 5-8,10 сыныптар сыныптан көшіру емтихандарын тапсыратын болады. Мектепте жалпы орта және негізгі орта мектепті аяқтайтын оқушыларды қорытынды атестаттау бойынша емтихан өткізу кестесі құрылды. Негізгі орта 5-8 сыныптар, жалпы орта 10 сыныптарда академиялық жыл аяқталғаннан кезде Қазақ тілі пәні бойынша емтихан тапсырады. Оқушыларды емтиханға дайындыққа келуіне қадағалауларыңыз сұралады. Емтихан сағат 10:00 де басталады. Оқушылар 30 минут бұрын мектеп формасымен келулері керек.

Сонымен қатар, жазғы мектептер жұмысы оқушылар біліміндегі олқылықтарды толтыруға ықпал етеді. Үздіксіз білім беру жүйесі балалар мен жасөспірімдердің дамуы, тәрбиесі мен денсаулығын нығайтуда, келесі оқу жылына сергек қарауына ықпал ететін болса, балалардың жарақат алуына, құқық бұзушылықтарға жол бермеуге педагогтер ғана емес, тиісті орган мамандары да жол бермеуге тырысады. Жазғы мектепте оқыту сабақтарынан басқа, дене шынықтыру, қозғалыс ойындары, флешмобтар өткізіледі.

ШЕШІМ:

5-8 және 10 сыныптар 27-30 мамыр аралығында Қазақ тілі пәнінен емтихан тапсырды және жазғы мектепке 1-8, 10 сынып оқушылары тартылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

4. Міндетті мектеп формасы туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Төртінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңесінің тқрайымы - Г.Сарсенбаева. "Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы таныстыра келіп ондағы талаптарға тоқталды.

Аталған бұйрықпен бекітілген Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптардың 13-тармағында: «Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.» деп атап көрсетілгенін баса айтты.

Сондай-ақ, 15-тармағында: Мектеп формасына қойылатын талаптар климаттық жағдай, оқу сабақтарының өткізілу орны және оқу ғимаратындағы температуралық режим ескеріліп, іске асырылады. Ал, 16-тармағында: Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынатынын атап көрсетті.

Мектеп формасының фасонын таңдауды және юбканың ұзындығын орта білім беру ұйымы мен кеңес (қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, мектептегі өзін-өзі басқару) айқындайды және 20-тармағында мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім кеңеспен (қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, мектептегі өзін-өзі басқару) келісу арқылы қабылданады делінген. Осы орайда жалпы мектеп формасы туралы мәселелерді талқылауға және жо,арыдағы талаптарды ескере отырып № 26 бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес ұсыныстар енгізуге құқылы екендігі ескерілді.

21-тармағында ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын киюіне жауап береді деп айтылған.


ШЕШІМ:

Оқушылар келесі 2024-2025 оқу жылында міндетті мектеп формасы туралы талаптарды ескере отырып, бекітілген мектеп формасын кию міндетті деп есептелсін.

**Төрайым
Хатшы**



**Қамқоршылық
кеңесінің
мүшелері**



**Сарсенбаева Г.А
Рахметжан А**

Суюнжановна А.М
Рахманова А.М
Сапакова Ж.Б
Ситахметова А.К
Айтан Ш
Эргашева Г.Б
Мухтарова З.Е
Сарсенбаева Н.Ш
Сейтбекова Г. С
Алимбаева З
Алибатинова И.Б
Кулкаева К.Т